

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының 2010 жылға арналған шекті шамасын және оны пайдалану тетігін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2265 Қаулысы

«Міндепті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының 2010 жылға арналған шекті шамасы есепті айда Қордың шотына келіп түскен активтер мөлшерінің 0,49 пайызынан асырылмай бекітілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағына сәйкес есептелген есепті айдағы комиссиялық сыйақы сомасы есепті айдан кейінгі айдың бірінші бес жұмыс қүнінде Қордың атындағы шотына аударылуға тиіс.

3. Қордың шотына келіп түскен комиссиялық сыйақы сомасы Қорды басқару органы бекітетін Қор қызметін қамтамасыз етуге 2010 жылға арналған шығыстар шегінде пайдаланылуға тиіс.

4. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

K. Мәсімов

Премьер-Министрі